**Бекітемін:**
**ЖК Н.И.Ғайып «Ақбөбек» балабақшасы**
**Әдіскері: ____________ Ж. Балгабаева**
**____________ 2026жыл**

Білім беру ұйымы "Ақбөбек" балабақшасы
Топ: "Балапан" ортаңғы тобы
Балалардың жасы: 3 жастан
Педагогтың аты-жөні : Убайдуллаева Г.Т

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**
**Наурыз айы 2026 жыл 1 апта**

**Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы.**
Отан, ел, туған өлке туралы білу
Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін білу
Мемлекеттік тілді білу
Ұлттық мерекелер, ойындар, дәстүрлер туралы білу Табиғатқа қамқорлық таныта білу

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 02.03.2026 ж | Сейсенбі 03.03.2026 ж | Сәрсенбі 04.03.2026 ж | Бейсенбі 05.03.2026ж | Жұма 06.03.2026 ж |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу<br>Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.)<br>Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу<br>Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру<br>Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу)<br>Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау)<br>**Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру**<br>Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу **Күй күмбірі** | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру;<br>әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату;<br>балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру;ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру.<br>**Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру**<br>Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз.<br>Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз.<br>Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді.<br>Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары** | **«Таза су – таза өмір!»**Балаларға судың ластануы мен тазалануын көрсету.Екі мөлдір шыны ыдыс Лас су (балшық немесе боялған су)Фильтр (мақта, дәке, құм немесе сүзгіш қағаз) Бірінші ыдысқа таза су құйып, балаларға көрсету.Екінші ыдысқа лас суды құйып, оның қандай екенін түсіндіру.Лас суды сүзгіден өткізу (мақта немесе құм арқылы).Сүзілген судың біршама тазарғанын балаларға көрсету. **Экологиялық тәрбие** | «Асықтан басып шығу» ойыны Белгілі бір сызықтан асықтарды дәлдеп атумен құлату. Барлық асықтарды басып шығу арқылы жеңіске жету Әр ойыншы кезекпен сақасын атып, асықтарды басып құлатуға тырысады. Егер сақа асықтарды дәл басып құлатса, құлатылған асық ойыншының меншігіне өтеді. Қайта ату:Ойыншы сақамен кезекті ату құқығын сақа асықтарды басып құлатқан жағдайда ғана алады. Егер сақа асыққа тимесе, кезек келесі ойыншыға беріледі. Ойын соңында ең көп асық жинаған ойыншы жеңімпаз атанады.**Бір тұтас тәрбие** | **«Қайсысы үлкен, қайсысы кіші?»**Балалардың заттардың өлшемдерін ажырату дағдысын қалыптастыру.Әртүрлі көлемдегі ойыншықтар (үлкен және кіші доптар, машиналар, қуыршақтар)Балаларға үлкен және кіші заттарды көрсетіп, олардың айырмашылығын сұрау.«Үлкен допты көрсет!» немесе «Кішкентай машинаны тауып ал!» деп тапсырма беру. **Математика негіздері** | **«Жоғалған зат»**Балалардың есте сақтау қабілетін дамыту.4-5 ойыншық немесе зат (мысалы: қоян, доп, кубик, кітап) Балаларға барлық ойыншықтарды көрсетіп, есте сақтауды сұрайды.Біреуін жасырып, «Қай ойыншық жоғалды?» деп сұрайды. Балалар жоғалған затты табуға тырысады. **Танымдық дағдылар** | **Қауіпсіз тамақтану ережелері**Ыстық тағамдарды абайлап жеу Тамақтануға арналмаған заттарды ауызға салмау.Тым үлкен немесе қатты тағамдарды дұрыс шайнап жеу. «Тамақтану әдебі» (қауіпсіз тамақтану дағдылары)**Қауіпсіздік ережелері** |
| **Ертеңгілік жаттығу** | «Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату,бірге орындау,жаттату<br>Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету.<br>Наурыз айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау.**Міндеті:** Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
| **Таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру.Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру<br>Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері<br>**Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ** | **Қазақ тілі**<br>**Тілдік дамытушы орта**<br>**Ойын 1: «Анамды таныстыр»**<br>Балалар аналарының есімін толық атап, «Менің анам – Айгүл Серікқызы» деп таныстырады. | **Дене тәрбиесі**<br>***Жалпы дамытушы жаттығулар***<br>Қолдарын алдына және басынан жоғары көтеріп, артына апарып шапалақтау (6–8 рет).<br>Қолды алға, жан-жаққа созу, алақандарды жоғары қарату (6 рет). | **Музыка**<br>**Музыка тыңдау**<br>Домбырада орындалған ән тыңдатылады.<br>Шығарманы соңына дейін тыңдайды.<br>Қай аспапта орындалғанын айтады.<br>Қысқаша фортепианода қайталанып, айырмашылығы | **Дене тәрбиесі**<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар**<br>Қолды алға созып, алақанды жоғары қарату (6–8 рет).<br>Қолды жанға созу (6 рет).<br>Қолды жоғары көтеріп, төмен түсіру (6–8 рет).<br>Саусақ жаттығулары: саусақтарды ашу-жұму, кезекпен бүгу (8–10 рет). | **Дене тәрбиесі**<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар**<br>Қолды жоғары көтеріп шапалақтау (6–8 рет).<br>Қолды алға созып, бастапқы қалыпқа келу (6 рет).<br>Саусақпен жаттығу: саусақтарды ашу-жұму, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Ойын 2: «Жылы сөздер шеңбері»**<br>Балалар шеңберде тұрып, бір-бірінің анасын толық атымен атап, жақсы тілек айтады.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**<br>**Ойын 1: «Әсем ана»**<br>Ә дыбысы бар сөздерді айту: әже, әдемі, мейірімді әже.<br>**Ойын 2: «Үлгілі ұл»**<br>Ү, Ұ дыбыстары бар сөздерді дұрыс айту: үлгілі, үкі, ұл, ұқыпты.<br>**Сөздік қор**<br>**Ойын 1: «Анама арнау»**<br>Ана туралы тақпақ жаттау.<br>**Ойын 2: «Жаңылтпаш айт»**<br>«Анама алақаныммен алғыс айтам» (анық айтуға жаттықтыру).<br>**Грамматикалық құрылым**<br>**Ойын 1: «Қандай ана?»**<br>Зат есім + сын есім: мейірімді ана, әдемі ана.<br>**Ойын 2: «Ана не істейді?»**<br>Зат есім + етістік: ана пісіреді, ана еркелетеді.<br>**Байланыстырып сөйлеу**<br>**Ойын 1: «Менің анам» әңгімелеу**<br>2–3 сөйлеммен анасы туралы айту.<br>**Ойын 2: «Сурет** | Қолды кезекпен көтеру-түсіру (8 рет).<br>Саусақтарды қозғалту, жұму және ашу (8–10 рет).<br>Допты бір-біріне басынан жоғары беру (5–6 рет).<br>Оңға-солға бұрылу (6 рет).<br>Аяқ ұшына көтерілу, аяқты алға қою (6–8 рет).<br>Терең тыныс алу жаттығулары (мұрынмен дем алып, ауызбен шығару – 3–4 рет).<br>**Негізгі қимылдар**<br>Бірқалыпты жүгіру (30–40 секунд).<br>Алаңның бір жағынан екінші жағына тура бағытта жүгіру.<br>Белгі бойынша тоқтап жүгіру.<br>Допты екі қолмен кеуде тұсынан 1,5 м қашықтыққа лақтыру (4–5 рет).<br>**Қимылды ойын**<br>«Белгіге дейін жүгір». Белгі бойынша көрсетілген жерге жүгіріп бару. Белгі берілгенде тоқтау немесе кері қайту. Ойын барысында ережені сақтау үйретіледі.<br>**Мәдени-гигиеналық дағдылар**<br>Тамақ алдында қол жуу реттілігін үйрету: қолды сулау, сабындау, алақан мен саусақ арасын ысқылау, шаю, сүлгімен құрғату.<br>Тазалық сақтаудың маңызы түсіндіріледі.<br>**Өзіне-өзі қызмет көрсету**<br>Киімді дұрыс шешу. Киімді орындыққа немесе арнайы сөреге жинап қою.<br>Аяқкиімді ретімен орналастыру.<br>**Салауатты өмір салты**<br>Жүгірудің жүрек пен өкпеге | анықталады.<br>**Ән айту**<br>Сүйемелдеуге ілесіп айту.<br>Қайырмасын бірге орындау.<br>Сөз тіркесінің соңын бірге аяқтау.<br>**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар**<br>Қазақ би элементтері: қолды әсем көтеру, қадам жасау, жеңіл бұрылу.<br>**Балалар аспаптарында ойнау**<br>Металлофонда бір пластинада біркелкі соғу.<br>Сылдырмақпен қайырма ырғағын беру.<br>**Ойын: «Қай аспап?»**<br>Әртүрлі аспапта (домбыра, фортепиано) қысқа дыбыс орындалады.<br>Балалар қай аспап екенін табады.<br>Музыканы есте сақтауға дағдыландыру. | Допты артқа беру (5–6 рет).<br>Аяқты жан-жаққа қою, бастапқы қалыпқа келу (6–8 рет).<br>Аяқ ұшына көтерілу (6 рет).<br>**Негізгі қимылдар**<br>Шеңбер бойымен бірқалыпты жүгіру (30–40 секунд).<br>10–15 метрге жылдам жүгіру (2–3 рет).<br>Бағытты өзгертіп жүгіру.<br>Допты төменнен екі қолмен көлденең нысанаға лақтыру (4–5 рет).<br>**Қимылды ойын**<br>«Қуып жет». Балалар белгі бойынша бірін-бірі қуып жетуге тырысады. Ойын барысында жылдамдықты арттыруға, бағытты өзгертуге, ережені сақтауға үйретіледі.<br>**Мәдени-гигиеналық дағдылар**<br>Тісті таңертең және кешке тазалау қажеттілігі түсіндіріледі. Тісті дұрыс тазалау реттілігі көрсетіледі: тіс щеткасына паста жағу, жоғары-төмен қимылмен тазалау, ауызды шаю.<br>**Өзіне-өзі қызмет көрсету**<br>Тарақты дұрыс қолдану. Шашты ұқыпты тарау, тарақты өз орнына қою дағдылары қалыптастырылады.<br>**Салауатты өмір салты**<br>Таза ауаның денсаулыққа пайдасы туралы әңгіме жүргізіледі. Таза ауада ойнау мен серуендеудің маңызы түсіндіріледі.<br>**Сауықтыру**<br>Тыныс алу жаттығулары: мұрынмен терең дем алып, ауызбен баяу шығару (3–4 рет).<br>Қолды жоғары көтеріп дем алу, төмен түсіріп дем шығару.<br>Сергіту сәтін ұйымдастыру. | кезекпен бүгу (8–10 рет).<br>Аяқты артқа қою, бастапқы қалыпқа келу (6–8 рет).<br>Аяқ ұшына көтерілу (6 рет).<br>**Негізгі қимылдар**<br>«Жыланша» жүгіру (кедергілер арасымен ирелеңдеп жүгіру).<br>Допты жоғары лақтыру және қағып алу (4–5 рет).<br>Допты жерге соғып, қайта қағып алу.<br>**Қимылды ойын**<br>«Допты түсірме». Балалар допты бір-біріне беріп, жерге түсірмеуге тырысады. Ойын барысында ептілікке, зейінге және үйлесімді қимыл жасауға үйретіледі.<br>**Спорттық жаттығу**<br>Оңға және солға бұрылып велосипед тебу. Тепе-теңдікті сақтау, қауіпсіздік ережесін сақтау дағдылары бекітіледі.<br>**Гигиена**<br>Қолды сабынмен дұрыс жуу реттілігі қайталанады: қолды сулау, сабындау, алақан мен саусақ арасын ысқылау, шаю, құрғату.<br>**Өзіне-өзі қызмет**<br>Қасықты дұрыс ұстау.<br>Тамақты төкпей ішу, ұқыптылық сақтау дағдылары қалыптастырылады.<br>**Салауатты өмір салты**<br>Қозғалыстың денсаулыққа оң әсері түсіндіріледі.<br>Күнделікті қимыл-қозғалыс жасау қажеттілігі айтылады.<br>**Сауықтыру**<br>Серуен кезінде қозғалыс ойындары |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **бойынша әңгіме»**<br>Ана мен бала бейнесі бойынша сұрақтарға жауап беру. | пайдалы екені түсіндіріледі. Қимыл-қозғалыстың денені шынықтыратыны және денсаулықты нығайтатыны айтылады.<br>**Сауықтыру-шынықтыру**<br>Таза ауада серуендеу (10–15 минут). Сыртта қимылды ойындар ұйымдастыру. Табиғатты бақылау. Тыныс алу жаттығуларын орындау<br><br>**Вариативтік компонент**<br>Хореография | | | ұйымдастырылады. Таза ауада еркін жүгіру, секіру, қимылды жаттығулар орындау. Тыныс алу жаттығуларын жасау |
| | «Ана – мейірім»<br>**Апталық дәйек сөз:** *«Ана – өмірдің шуағы»*<br>Коммуникативтік дағды<br>**Тіл дамыту**<br>Балаларға «Ана» сөзін баяу, анық айтқызу.<br>«Ана мейірімді», «Ана жақсы» сияқты екі сөзден тұратын қарапайым сөйлемдер құрастыру.<br>Жаңылтпаш айту: *«Анама ақ алма апардым».*<br>**Көркем әдебиет**<br>«Ана» туралы қысқа тақпақты тыңдау.<br>Тақпақ жолдарын суретті мнемокесте арқылы қайталап айту.<br>**Қазақ тілі**<br>Ә, ө, ү дыбыстарын «әдемі», «өнерлі», «үлкен» сөздері арқылы дұрыс айту.<br>Балаларды бір-бірін атымен атауға үйрету.<br>Танымдық дағды<br>**Математика негіздері** | «Мен анамды жақсы көремін»<br>Коммуникативтік дағды<br>**Тіл дамыту**<br>«Мен анамды жақсы көремін» сөйлемін қайталау.<br>«Анам не істейді?» сұрағына бір сөзбен жауап беру (жуады, құшақтайды).<br>**Көркем әдебиет**<br>Қысқа тақпақты қимылмен бірге айту (құшақтау, алақанды жүрекке қою).<br>**Қазақ тілі**<br>Зат есім мен сын есімді бірге айту: *жақсы ана, әдемі ана.*<br>Қарапайым санамақты тыңдау.<br><br>Танымдық дағды<br>**Математика негіздері**<br>Үлкен және кіші ойыншықтарды салыстыру.<br>Таңертең және кешке суреттерін ажырату. | «Ана – қамқор»<br>Коммуникативтік дағды<br>**Тіл дамыту**<br>«Ана қамқор» сөз тіркесін айту.<br>Балалардың өз ойын 1–2 сөзбен жеткізуіне мүмкіндік беру.<br>**Көркем әдебиет**<br>Ана туралы шағын әңгімеден бір-екі сөйлемді тыңдау және қайталау.<br>**Қазақ тілі**<br>Зат есім мен етістікті бірге айту: *ана күледі, ана құшақтайды.*<br><br>Танымдық дағды<br>**Математика негіздері**<br>Өзінің оң қолын, сол қолын көрсету.<br>«Оң», «сол» сөздерін қимылмен бекіту. | «Ана еңбегі»<br>Коммуникативтік дағды<br>**Тіл дамыту**<br>Балалармен «Ана не істейді?» тақырыбында әңгімелесу.<br>Тәрбиеші сөйлемді бастап береді: *«Ана…»*, балалар бір сөзбен толықтырады (жуады, тамақ береді, құшақтайды).<br>Сөйлеу қарқынын баяулатып, сөздерді анық айтуға назар аудару.<br>**Көркем әдебиет**<br>Ана еңбегі туралы қысқа тақпақты тыңдау:<br>*«Анам мені бағады,*<br>*Анам үйді жинайды»*<br>Тақпақ жолдарын суретті тірек арқылы (үй, ана, бала) қайталап айту.<br>**Қазақ тілі**<br>Қ, ұ дыбыстарын «қуаныш», «құттықтаймын», «ұқыпты» сөздері арқылы дұрыс айту.<br>Балалардың бір-біріне қарап есімін атап сөйлеуіне жағдай жасау.<br><br>Танымдық дағды<br>**Математика негіздері**<br>Күндіз және түнде бейнеленген суреттерді көрсету. | «Анаға сыйлық»<br>Коммуникативтік дағды<br>**Тіл дамыту**<br>Балалар «Анаға сыйлық» сөз тіркесін қайталап айтады.<br>Тәрбиешімен бірге «Анама сыйлық» деп қуанышты көңіл күймен айту.<br>**Көркем әдебиет**<br>Апта бойы үйренген ана туралы тақпақтарды қайталау.<br>Балалар таныс жолдарын бірге айтуға қатысады.<br>**Қазақ тілі**<br>«Жақсы ана», «әдемі ана» сөз тіркестерін қайталау.<br>Балаларды бір-бірін атымен атап, қысқа жауап беруге ынталандыру.<br><br>Танымдық дағды<br>**Математика негіздері**<br>Апта бойы қолданылған гүл, жүрек пішіндерін қайта қарап, «біреу», «көп» сөздерін айту.<br>Дөңгелек пішінді танып көрсету. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Екі гүлді салыстырып, «артық», «кем» сөздерін айту.<br>Гүлдің ортасын дөңгелек пішін ретінде танып, қолмен ұстап көру. | | Балалар «күндіз», «түнде» сөздерін қайталап айтып, суреттерді сәйкестендіреді. | |
| **Серуенге дайындық** | Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру **өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту**<br>Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету<br>**Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** | | | |
| **Серуен** | **Наурыз айына арналған серуен картотека жинағы қосымша жасақталған** | | | |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. **(дербес қимыл әрекеті).** | | | |
| **Түскі ас** | Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу»<br>Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенің түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**<br>Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу.<br>Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау.<br>Тамақты отырып, асықпай жеу.Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау.<br>Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту.<br>**Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету.<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)** | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | **Біртіндеп ояту:** Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. **Сауықтыру жаттығулары:** Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). **Өзіне-өзі қызмет ету:** Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ моториканы дамыту). **Мәдени-гигиеналық дағдылар:** Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу). | | | |
| **Бесін ас** | Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету,балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | Әлеуметтік дағды<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>Ана баланы қалай жақсы көретіні туралы әңгімелеу.<br>Үй жануарларының төлдері суреттерін қарап, «анасы – баласы» деп атау.<br><br>Сурет салу<br>Балалар тұтас қағаз парағына саусақпен **қызыл, сары түстерді** пайдаланып гүл салады.<br>Гүлдің ортасын қағаздың ортасына орналастырып, айналасына күлтелерін басу арқылы бейнелейді.<br>Сурет салу кезінде бояуды төкпей қолдануға, қолды сулықпен сүртуге үйренеді.<br>Жапсыру<br>Дайын дөңгелек және жапырақ пішіндерін қағаз бетіне жапсырады.<br>Гүлдің айналасына **қазақ оюының қарапайым элементі – дөңгелек нүктелерді** жапсырып безендіреді.<br>Мүсіндеу<br>Жұмсақ пластилиннен **домалақтау арқылы** гүлдің түймесін жасайды.<br>Дайын суреттің үстіне қойып, саусақпен | Әлеуметтік дағды<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>Қазақстанда мекендейтін жабайы жануарларды сурет арқылы таныстыру (аю, қоян).<br>Анасы мен баласын бірге көрсету.<br>Сурет салу<br>Балалар тұтас қағаз бетіне алдын ала салынған бет бейнесінің ішін **қызғылт, ақ түстермен** бояйды.<br>Көз, ауыз орнын қағаздың ортасына орналастырып бояу арқылы көрсетеді.<br>Жапсыру<br>Дайын көз, ауыз пішіндерін бетке жапсырады.<br>Бет жиегіне **ирек сызық пішінді** ою элементін жапсырып безендіреді.<br>Мүсіндеу<br>Пластилиннен **домалақтап** «моншақ» жасайды.<br>Дайын моншақты қағаздағы ана бейнесінің мойнына қояды.<br>Құрастыру<br>Қуыршаққа арналған «ана орны» (орындық, үстел) құрастырады.<br>Қуыршақты отырғызып, еркін ойнайды. | Әлеуметтік дағды<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>Табиғат бұрышындағы гүлді бақылау, су құюды көру.<br>.<br>Сурет салу<br>Балалар тұтас қағаз парағына **қызыл түсті** пайдаланып жүрек пішінін саусақпен бояйды.<br>Жүректі қағаздың ортасына орналастырады.<br>Жапсыру<br>Жыртылған қызыл қағаз бөліктерін жүрек пішінінің ішіне жапсырады.<br>Жүректің жиегіне **дөңгелек элементтерді** жапсырып сәндейді.<br>Мүсіндеу<br>Пластилиннен кішкентай **домалақ пішіндер** жасап, жүректің үстіне басып орналастырады.<br>Құрастыру<br>Ірі текшелерден жүрекке арналған «қорапша» құрастырады. | Әлеуметтік дағды<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>Анаға көмектесу туралы әңгіме жүргізу.<br>«Анаға қалай көмектесеміз?» деген сұраққа балалардың қарапайым жауаптарын тыңдау (ойыншық жинау, көмектесу).<br><br>Сурет салу<br>Балалар тұтас қағаз бетіне **сары, көк түстермен** шеңбер сызықтар салып, «білезік» бейнелейді.<br>Шеңбердің айналасына **қазақ оюының қарапайым элементі – ирек сызықты** саусақпен қайталайды.<br>Ұқыпты сурет салуға, бояуды төкпеуге дағдыланады.<br>Жапсыру<br>Дайын дөңгелек пішіндерді қатарлап жапсырып, әшекей жасайды.<br>Мүсіндеу<br>Пластилинді алақанмен басып, **бір үлкен жүзік** жасайды.<br>Ортасына саусақпен шұңқыр түсіреді.<br>Құрастыру<br>Әшекейлерді қоюға арналған қарапайым «қорап» құрастырады. | Әлеуметтік дағды<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>8 наурыз мерекесі туралы айту.<br>Аналарды құттықтау, «ана» сөзін құрметпен айту.<br><br>Сурет салу<br>Балалар тұтас қағаз бетіне **өз бетінше ойдан** сурет салады (гүл, жүрек, сызықтар).<br>Қызыл, сары, жасыл түстерді таңдап, бейнені қағаздың ортасына орналастырады.<br>Сурет жиегіне **қазақ оюының қарапайым элементін** саусақпен салады.<br>Жапсыру<br>Апта бойы дайындалған пішіндерді бір үлкен қағазға жапсырып, **ұжымдық жұмыс** жасайды.<br>Мүсіндеу<br>Әр бала бір кішкентай домалақ немесе жалпақ пішін жасап, ортақ «сыйлыққа» қосады.<br>Құрастыру<br>Барлық құрылыстарды біріктіріп, «Ана мерекесі» бұрышын құрастырады.<br>Дайын бұрышпен ойнайды. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | басып бекітеді.<br>Құрастыру<br>Ірі құрылыс бөлшектерінен гүл қоюға арналған «ыдыс» құрастырады.<br>Құрастырған құрылысымен ойнайды. | | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Бағыты:** Тіл дамыту<br>**Жұмыс:** Сурет бойынша 2–3 сөзбен сөйлем құрату.<br>**Нәтиже:** Қарапайым сөйлем құрайды. | **Бағыты:** Дыбыс айту<br>**Жұмыс:** «Р», «Л» дыбыстарын буында қайталау.<br>**Нәтиже:** Дыбысты анық айтуға жаттығады. | **Бағыты:** Ұсақ моторика<br>**Жұмыс:** Үлкен моншақты тізу.<br>**Нәтиже:** Саусақ икемділігі дамиды. | **Бағыты:** Сөйлеу<br>**Жұмыс:** «Қандай?» – үлкен/кіші.<br>**Нәтиже:** Қарапайым сын есім айтады. | **Бағыты:** Қимыл<br>**Жұмыс:** Допты домалату.<br>**Нәтиже:** Қол координациясы дамиды. |
| **Серуенге дайындық** | Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**).<br>Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету<br>**Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Серуен** | «Күн жылынды»<br>**Шарты:** Балалар аланда жүреді. «Күн шықты!» дегенде қолдарын жоғары созып жылынады, «Суық жел!» дегенде бүрісіп отыра қалады | «Су жүгірді»<br>**Шарты:** Балалар жылға суындай ирелендеп жүгіріп, белгіленген жерге жиналады. | «Тамшы-тамшы»<br>**Шарты:** Балалар секіріп жүреді. «Тамшы!» дегенде тоқтап, бір рет секіреді (тамшы тамғандай). | «Жел соқты»<br>**Шарты:** Балалар ағаш болып тұрады. «Жел» дегенде оңға-солға тербеледі, «Тыныш!» дегенде қозғалмайды. | «Су жүгірді»<br>**Шарты:** Балалар жылға суындай ирелендеп жүгіріп, белгіленген жерге жиналады. |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Кешкі ас** | Кешкі ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру.Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру.Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру.Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру.Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту) **Өнегелі 15 минут** | | | | |